

Келісім түбі – жарастық



Шаттық шеңбері



Ф.Жолдасованың «Бала тілегі» әні.

**1. Бал-балалық, балдырған шақ сан арман,
Барлық бала армандауға жаралған.
Кел, достарым, әндетіңдер, билеңдер,
Гүлденсін деп атамекен қара орман.**

2 рет

**2. Болашақтың иесіміз бәріміз,
Туған жердің түрлендірер нәріміз.
Алтын бесік – ұлан байтақ елімде,
Жарқын боолсын шырқап айтар әніміз.**

2 рет



Әңгімелесу

1. **Сыныптастарыңмен ренжісіп қалған кездерің болды ма?**

2. **Қалай татуластыңдар?**

3. **Өзгелердің пікірімен келіспеген жағдайда не істер едіңдер?**

4. **Келісімге келу не үшін қажет деп ойлайсыңдар?**



Мәтінмен жұмыс

Өсиет әңгіме







Сергіту сәті



*Достығы жарасқан,
Сыйлы біз баламыз.*

*(Оң қолын оң жаққа созады.)
(оң қолын түсірмей сол
қолын сол жаққа созады.)*

*Келісіп бәрімен,
Татулық табамыз.
Бәріміз бір болсақ,
Бәрінде жеңеміз.*

*(бір-бірін көрсетеді.)
(Өзін көрсетеді.)
(Бәрі қол ұстасады.)*

*Күндей боп күлімдеп,
Таудай боп өсеміз.*

*(Қолдарын жоғары көтереді.)
(Қолдарын жоғары ұстаған
күйінде біріктіреді.)*

Тапсырма

Spring ⁱⁿ wallcoo

1. Сыныпта тату болу.
2. Сабақты жақсы оқу.
3. Бірін-бірі тыңдамау.
4. Мұғалімді сыйлау.
5. Сыныптағы заттарды күту,
6. Оқулықтарға күтіммен қарау.
7. Келіскен уақытқа кешігу.

Жүректен жүрекке



Келсім мен жарастық
Ерегісіп, есептесіп тұрмадық,
Дау-дамайға мойнымызды бұрмадық,
Бірлік пенен татулыққа кенелткен,
Келісім мен жарастықты жырладық.



Жүректен жүрекке

Достарым. Е. Жақыпханов

1. Балалықтан бүлдіршін жыр жазайықшы,
Анамызға шат күлкі тыңдатайықшы.
Күй ойнасын кеудеде көктемдей сезім,
Қол ұстасып кел, достар сырласайықшы.

Қайырмасы:

Достарым, достарым,
Әсем әнге бастадым.
Көңіл қарлығаштарым,
Достарым менің.
Арманым, арманым.
Әсем жырды арнадым,
Жарқын жүзді жандарым,
Менің достарым.

2. Армандарға достарым шығайық бірге,
Азаматқа ел қорғау ылайық біл де.
Кең жазира мекенге еркелейікші,
Көк шалғынға аунап терейік гүлдер.

Қайырмасы:

